

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы)

Фазылова Диляра
(білім алушының аты-жөні)

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер
(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Орал қаласы, Зашаған ауданында орналасқан 5 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Орындалды:

а) сызба материалдары 6 бет

б) түсініктемелік жазба 32 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба тапсырмаға сай орындалған. Дипломдық жобада келесідей ескертулер байқалған: сызба материалдарын ретке келтіру, орфографикалық қателіктер.

Жұмысты бағалау

Студент Фазылова Д.Ж. жылумен жабдықтауға қатысты мәліметтерді қажетті деңгейде меңгерді. Дипломдық жобада барлық есептеулер мен сызбалар толықтай орындалды. Жылу- физикалық ерекшеліктері ескерілді. Жасалған жұмыс 75% бағаға лайық.



Сын-пікір беруші

«АрхИнжПроект» ЖШС директоры

(колы)

«31»

05

Абайұлы Д.

(аты-жөні)

2022 ж.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Рахимова Дишдира Нарзаховна

(білім алушының аты-жөні)

Инженерлік жүйелер және желілер 5В075200

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

„Орал қаласы, Зашаған ауданында ор-
наласқан Бұабаттар тұрған үйдің жол-
ықты жүйесін жобалау“
Дипломдық жобанда қолданылатын
жұмыстардың сипаттамасы, сондықтан за-
тар жөніне шағындармен келісі
іс-шаралары жүргізіледі. Есептеулер ес-
іс-шаралар, қорықар - шектемеде жүй-
іс-шаралар жобаларды және жүйелі
параметрлері бойынша қорықар
жобаларды таңдады.
Дипломдық жоба жөнінде деңгейде
орналасқан және жөніне бағала
майы. Дипломдық жоба жөніне 80%
бағала майы.

Ғылыми жетекші

тех. ғал. канд., ассоц. проф.

Баймекеева А.С.

(колы)

«30» 05 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Фазылова Диляра

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Орал каласындагы Зашаган ауданындагы 5 кабатты уйдин жылыту жуйеси

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 1.7

Коэффициент Подобия 2: 1.2

Микропробелы: 48

Знаки из здругих алфавитов: 37

Интервалы: 21

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 30.05.2022

проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Фазылова Диляра

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Орал каласындагы Зашаган ауданындагы 5 кабатты уйдин жылыту жуйеси

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 1.7

Коэффициент Подобия 2: 1.2

Микропробелы: 48

Знаки из здругих алфавитов: 37

Интервалы: 21

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 30.05.2022

Заведующий кафедрой

Алимова

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Фазылова Диляра

Тақырыбы: Орал каласындағы Зашаган ауданындағы 5 кабатты уйдин жылыту жуйеси

Жетекшісі: Куляш Алимова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 1.7

2-ұқсастық коэффициенті (5): 1.2

Дәйексөз (35): 0.3

Әріптерді ауыстыру: 37

Аралықтар: 21

Шағын кеңістіктер: 48

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 30.05.2022.

Кафедра меңгерушісі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Фазылова Диляра Жарқынқызы

Орал қаласы, Зашаған ауданында орналасқан 5 қабатты тұрғын үйдің жылыту
жүйесін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
 К.К. Алимova
« 30 » 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Орал қаласы, Зашаған ауданында орналасқан 5 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау ”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған

Пікір беруші



 Абай Д. А.
« 31 » 05 2022 ж.



Фазылова Д.Ж.

Жетекші

техн. ғыл. канд., асоц. проф.

 Байкенжеева А.С.
« 30 » 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 К.К.Алимова
« 24 » 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Фазылова Диляра Жарқынқызы

Тақырыбы: Орал қаласы, Зашаған ауданында орналасқан 5 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Университет Басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489 П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: ғимарат қабаттарының бас жоспарлары, бас фасадының бағыты, сыртқы қоршаулардың конструктивті құрылымы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім: Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есебі. Сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылуды анықтау. Жылыту аспаптары. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі.

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы: Жұмыс құрамы мен көлемін анықтау. Еңбек шығынының есебі.

в) Экономика бөлімі: Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Аксонометриялық сұлба; 2) Аксонометриялық сұлба 1 қабат; 3) 3 қабаттың коллекторлы жүйемен жүргізілген аксонометриялық сұлба; 4) Технологиялық сұлба; 5) Типтік қабат жоспары; 6) Үшінші қабат жоспары.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	<i>Орындалады</i>
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	<i>Орындалады</i>
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	<i>Орындалады</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	07.04.2022	<i>ИЗ</i>
Экономика бөлімі	А.С. Байкенжеева техн.ғыл.канд., қауым.проф.	10.04.2022	<i>БС</i>
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым.проф.	13.05.2022	<i>АН</i>

Жетекші

БС Байкенжеева А.С.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Д.Ж. Фазылова Д.Ж.

Күні

«24» 01 2022 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Орал қаласы, Зашаған ауданында орналасқан тұрғын үй кешенінің жылыту жүйесі қарастырылған.

Негізгі бөлімде жылу техникалық есептеудің нәтижесіне сүйене отырып, жылыту жүйесінің техникалық, санитарлық, гигиеналық талаптарына сай шешімдер қабылданды. Құрылыс-монтаждық жұмыстар технологиясы бөлімінде құрылыс жұмыстарына қажетті қондырғылар, жұмысшылар саны анықталды және күнтізбелік жоспар құрылды.

Жобаның мақсаты ғимараттардың барлық ерекшеліктерін ескере отырып, конструкциялардың арнайы категориясының инженерлік жүйелерін есептеу және жобалау болып табылады.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте предусмотрена система отопления жилого комплекса, расположенного в Зашаганском районе г. Уральска.

В основной части, исходя из результатов теплотехнического расчета, приняты решения, отвечающие техническим, санитарным, гигиеническим требованиям системы отопления. В отделе технологии строительно-монтажных работ определены необходимые для строительных работ установки, количество рабочих и составлен календарный план.

Целью проекта является расчет и проектирование инженерных систем специальной категории конструкций с учетом всех особенностей зданий.

ABSTRACT

This diploma project provides for the heating system of a residential complex located in the Zashagan District of Uralsk.

In the main part, based on the results of heat engineering calculations, decisions were made that meet the technical, sanitary, and hygienic requirements of the heating system. In the Department of technology of construction and installation works, the necessary units for construction work, the number of workers were determined and a calendar plan was drawn up.

The purpose of the project is to calculate and design engineering systems of a special category of structures, taking into account all the features of buildings.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жылыту жүйесі. Жобалауға берілген бастапқы мәліметтер	8
1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылу техникалық есебі	8
1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы	11
1.4 Жылыту жүйесінің есепті қуаты	12
1.5 Жылыту аспаптарының жылулық есебі	13
1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	14
1.7 Жергілікті жылыту пунктін суараластырғышы	16
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	19
2.1 Ұйымдық - техникалық шаралар	19
2.2 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі	20
2.3 Еңбек шығындарын калькуляциялау	20
2.4 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	20
2.5 Көліктің қажеттілік есебі	21
2.6 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі	23
2.7 Техничко - экономикалық көрсеткіштер	23
2.8 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	23
2.9 Еңбек қорғау	24
2.10 Қауіпсіздік техникасы	24
3 Экономика бөлімі	26
3.1 Келтірілген шығын есебі	26
ҚОРЫТЫНДЫ	30
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	31
ҚОСЫМШАЛАР	33

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта жылу энергиясын өндіру, оны тиімді пайдалану және орналастыру мен тасымалдау құрылыс барысындағы маңызды мәселе болып табылады. Жылыту - температураны бір қалыпты ұстауға және оны ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларының ішкі ауасына және олардағы қоршаулардың беттеріне қажетті деңгейде жеткізуге арналған инженерлік жүйелердің бірі. Сонымен қатар, жылдың суық мезгілінде жасанды микроклиматты қамтамасыз етеді.

Жылу энергияны өндіру, тасымалдау және пайдалану кәзірге кезде ең маңызды мәселе. Отынды тиімді пайдаланудың негізгі бағыты болып бір орталықтан жылумен қамтамасыз ету. Сондықтан бұл негізде кейбір үлкен қалаларда жылу электр орталығы (ЖЭО) немесе аудандық қазандықтар (АҚ) пайдаланады, бұл жағдай отынды тиімді пайдалануға және оны аз мөлшерде өндіруге әсерін тигізеді.

Үй-жайға керекті энергияның ішінде ең көп жылуды қолданатын жылыту жүйесі. Бұның себебі ғимараттарды жылдың суық кездерінде тек сол жылыту құралдары арқылы пайдалануға болатындығында. Яғни жылыту дегеніміз қыс кезінде ғимараттардан жоғалған жылу мөлшерінің жасанды түрде толтырылуы.

Ғимараттар мен имереттердің бөлмелерінде ішкі ауаның есептік температурасын қамтамасыз ету үшін жылыту жүйесі қажет. Жылыту жүйелері арқылы қысқы мерзімде бөлмелердегі ішкі ауа мен қоршаған қабырғалардың ішкі беттерінің температуралары керекті деңгейге келтіріледі. Сондықтан жылыту жүйелері құрылыс техникасының бір саласы болып саналады. Салқын мерзім кезінде бөлмелердегі ауаның күйі тек жылыту жүйесінің ғана емес, желдету жүйесінің жұмыс атқаруына байланысты болады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жылыту жүйесі. Жобалауға берілген бастапқы мәліметтер

Жобалауға қажетті деректер ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 бойынша қабылданады.

- қала аталуы: Орал;
- қабат саны: 5;
- қабат биіктігі: 3,1м;
- екі құбырлы жылыту жүйесі;

Жылдың суық мезгілі үшін:

- ең суық бестәуліктік ауа температурасы 0,92 қамтамасыздықпен: $t'_0 = \text{минус } 29,6^{\circ}\text{C}$;
 - орта тәулікті ауаның температурасы 8°C -тан кіші немесе тең жылыту кезеңінің ұзақтығы: 193 тәулік;
 - жылыту кезеңінің температурасы орта тәулікті ауа температурасымен 8°C -тан кіші немесе тең: $t_{om} = \text{минус } 4,6^{\circ}\text{C}$;
 - румб бойынша қаңтардағы ең жоғарғы орташа жел жылдамдығы: $\vartheta = 6,3 \text{ м/с}$;
- Жылдың жылы мерзімі үшін:
- ауаның температурасы 0,95 қамтамасыздықпен: $t'_0 = 28^{\circ}\text{C}$;
 - румб бойынша шілдедегі желдің минималды орташа жылдамдығы: $\vartheta = 1,8 \text{ м/с}$;
 - ең жылы айдың сыртқы ауа температурасының тәуліктік тербелісінің орташа амплитудасы: $t_{op} = 11^{\circ}\text{C}$;

1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылу техникалық есептері

Жылу техникасында жылу таратудың үш түрі болады: сәулелік, конвективтік және жылу өткізгіштік. Қоршаушы құрылымдар арқылы ішкі және сыртқы ауаның қатынасы қарастырылады. Мұнда жылу таратудың жылу өткізгіштік түрі мол және ол жылу жоғалуына тең болып есептеледі. Сондықтан ғимараттың барлық бөлмелерінің қоршаушы құрылымдары арқылы жоғалатын жылуды анықтау қажет.

Жылу техникалық есеп жылытылатын мерзімде ғимараттың барлық сыртқы қоршауларына бөлменің және қоршаушы құрылымдардың эксплуатациялық шарттары мен санитарлы-гигиеналық талаптарын есепке ала отырып жүргізілуі тиіс.

Жылу техникалық есепті орындауға қажетті негізгі қажеттіліктер мынадай: жылдың салқын мерзіміндегі ішкі және сыртқы ауаның термодинамикалық параметрлері және сыртқы қоршаулардың жылуфизикалық сипаттамалары.

Жобада қарастырылатын көп қабатты көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының сыртқы қоршауларының жылу техникалық есептеуін өткізу үшін бөлмелерінің тағайындалуы мен пайдалануын білу қажет, себебі олардың ішкі ауа температурасы, ылғалдылығы санитарлық нормалар және ережелермен беріледі. Сыртқы қоршаудың ішкі бетіндегі температурасы, ылғалды нүктедегі температурадан артық болу керек, кем дегенде 2-3°C.

Ғимараттың сыртқы қоршаушы құрылымдарының санитарлы-гигиеналық және комфорттық шарттарына қажетті жылу беру кедергісінің мәні, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, табылады:

$$R_o^{\text{mp}} = \frac{n \cdot (t_i - t_o')}{\alpha_B \cdot \Delta t_H}, \quad (1.1)$$

мұндағы n – сыртқы ауаға қарағанда қоршаушы құрылымдардың сыртқы беттерінің орнына байланысты ескеретін коэффициент, қабылданады [2];

t_i – бөлменің ішкі ауаның есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;

t_o' – сыртқы ауаның есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;

α_B – қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, $\text{Вт}/\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$, қабылданады;

Δt_H – ішкі ауа температурасы мен қоршаудың ішкі бетіндегі температуралар арасындағы нормаланатын температуралық құлама, қабылданады.

Көп қабатты қоршаушы құрылымның жалпы жылулық кедергісі, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$:

$$R_0 = R_B + R_K + R_H, \quad (1.2)$$

мұндағы $R_B = \frac{1}{\alpha_B}$ – қоршаудың ішкі беттерінің жылулық кедергісі, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$;

α_B – қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, $\alpha_B = 8,7 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$;

$R_e = R_1 + R_2 + \dots + R_n$ – көп қабатты сыртқы қоршаудың жалпы жылулық кедергісі, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$;

$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1}$, $R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2}$, $R_n = \frac{\delta_n}{\lambda_n}$ – әр қабатының жылулық кедергісі, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$;

$R_H = \frac{1}{\alpha_H}$ – қоршаудың сыртқы бетінің жылулық кедергісі, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$;

α_H – қоршаудың сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, $\alpha_H = 23 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$.

(1.1) және (1.2) өрнектерін қолданып есеп өткізу кезінде қажетті көрсеткіштерді «Құрылыстық жылу техникасы» ҚНЖЕ-нен қабылдауға болады.

Сыртқы қоршаулардың жылу тарату кедергісін энергия өнімдеу шарттарын ескерумен анықтауға болады, ол үшін жылыту мезгілінің градус-тәулігі анықталады:

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{om}) \cdot n_o, \quad (1.3)$$

мұндағы t_{om} - жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температурасы, °C;

n_o – жылыту мезгілінің ұзақтылығы, тәулік.

ЖМГТ есебі

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{om}) \cdot n_o = (18 + 4,6) \cdot 193 = 4361,8,$$

ЖМГТ мәні бойынша сыртқы қоршаулардың жылу таратуға келтірілген кедергілері (R_o^{mp}) анықталады.

1.1 Кесте - Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері

Ғимараттар мен бөлмелер	Жылыту мезгілінің градус-тәулігі, °C·тәул.	Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері, R_o^{mp} , м ² ·°C/Вт			
		Қабырғалардың	өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындар	шатырлық, салқын еденасты мен ұйасты қабаты жабындарының	терезелердің және балкон есіктерінің
Тұрғын үй	4000	2,8	4,2	3,7	0,45
	6000	3,5	5,2	4,6	0,60
	2000	0,7	1,0	0,9	0,15

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері қабылданғаннан кейін (1.2 кесте), олардың жылу өткізгіштік коэффициенттері, Вт/м²·°C, анықталады:

$$k = \frac{1}{R_o^{mp}}, \quad (1.4)$$

Ғимараттың жалпы жоғалатын жылуын анықтау үшін қоршаушы құрылымдар ретінде сыртқы қабырғалар, терезелер, балкон есіктері, шатырлық жабындар, едендер, сыртқы кіретін есіктер қарастырылады.

Сыртқы қабырға

$$1) \frac{0,7}{2000} = 0.00035$$

$$2) 4361,8 - 4000 = 361,8$$

$$3) 0.00035 \cdot 361,8 = 0.336$$

$$4) R_0 \text{ пр} = 2,8 + 0,336 = 3,136 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

$$5) K_{сқ} = \frac{1}{3,136} = 0,318 \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$$

Төбе жабыны

$$1) \frac{0,9}{2000} = 0,00045$$

$$2) 4960 - 4000 = 960$$

$$3) 0,00045 \cdot 960 = 0,432$$

$$4) R_0 \text{ пр} = 3,7 + 0,432 = 4,132 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

$$5) K_B = \frac{1}{4,132} = 0,242 \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$$

Еден

$$1) \frac{1}{2000} = 0,0005$$

$$2) 4960 - 4000 = 960$$

$$3) 0,0005 \cdot 960 = 0,48$$

$$4) R_0 \text{ пр} = 4,2 + 0,48 = 4,68 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

$$5) K_B = \frac{1}{4,68} = 0,214 \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$$

Терезе

$$1) \frac{0,15}{2000} = 0,000075$$

$$2) 4960 - 4000 = 960$$

$$3) 0,000075 \cdot 960 = 0,072$$

$$4) R_0 \text{ пр} = 0,45 + 0,072 = 0,522 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

$$5) K_B = \frac{1}{0,522} = 1,9 \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$$

1.2 Кесте - Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері

Қоршаушы құрылымдардың атауы	Жылу таратуға келтірілген кедергілері $R_o^{\text{пр}}, \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$	Жылу өткізгіш коэффициенттері $k = \frac{1}{R_o^{\text{пр}}}, \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$
Қабырғалардың	3,136	0,318
өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындардың	4,132	0,242
шатырлық, салқын еденасты мен ұясты қабаты жабындарының	4,68	0,214
терезелердің және балкон есіктерінің	0,522	1,9

1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы

Ғимараттың қоршаушы құрылымдарының негізгі жылу жоғалуы, Вт, анықталады:

$$Q_{\text{нег}} = k \cdot A \cdot (t_i - t_o') \cdot n, \quad (1.5)$$

мұндағы k – қоршаудың жылу өткізгіш коэффициенті, Вт/м²·°С;
 A – қоршаудың ауданы, м²;
 t_i, t_o' – ішкі және сыртқы ауаның есептік температуралары, °С;
 n – қоршаушы құрылымдардың сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент, қабылданады.

Сыртқы қоршаулардың негізгі жылу жоғалуына, Вт, көп факторлар әсер етеді, сондықтан ол былай анықталады:

$$Q_o = k \cdot A \cdot (t_a - t_o') \cdot n \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.6)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылу жоғалуды ескеретін коэффициенттер қосындысы, қабылданады: бөлмедегі екі сыртқы қабырғаға – 5% (0,05); сыртқы қабырғаның биіктігіне 4м-ден жоғары әр 1м-ге – 2% (0,02); сыртқы қабырғаның бағытына: шығыс, солтүстік – 10% (0,1), батыс – 5% (0,05); оңтүстік – 0; желдің жылдамдығы, егер $V < 5$ м/с – 5% (0,05), $V > 5$ м/с – 10% (0,1);

Бөлмелердің жылу жоғалуы әр қабат бойынша бөлек есептеледі. Баспалдақ клеткалары А, Б, ... әріптерімен белгіленеді, жылу жоғалуы бөлек есептеледі, сыртқы қабырға биіктігі ғимараттың жалпы биіктігіне тең.

Ғимараттың жалпы жылу жоғалуы барлық бөлмелердің және баспалдақ клеткаларының қосынды көрсеткіштеріне тең қабылданады. Ғимараттың сыртқы қоршауларының жылу жоғалуы әр бөлмелерге есептеледі.

1.4 Жылыту жүйесінің есепті қуаты

Ғимараттар мен үймереттердің жалпы жылу жоғалуын, Вт, іріктелген түрде анықтауға болады:

$$Q_{\text{жж}} = q_o \cdot V \cdot (t_i - t_o') \cdot \alpha, \quad (1.7)$$

$$Q_{\text{жж}} = 0,4652 \cdot 9120,284 \cdot (18+31) \cdot 1,29 = 268187,555 \text{ Вт},$$

мұндағы q_o – ғимараттың түріне байланысты қабылданатын іріктелген жылу көрсеткіші, сыртқы көлеміне байланысты қабылданады, Вт/м³;

V – ғимараттың сыртқы көлемі, м³;

α – есепті сыртқы ауа температурасына байланысты қабылданатын коэффициент, қабылдаймыз 0,95^h

$$V=a \cdot b \cdot h=9120,284 \text{ м}^3.$$

$$q_0=0,4652 \text{ Вт/м}^3$$

Ғимаратың жылыту жүйесінің есепті қуаты, Вт, анықталады:

$$Q_{\text{жж}}=k \cdot \sum Q_{\text{ж}}, \quad (1.8)$$

мұндағы k - қосымша түзету коэффициенті, қабылданады 1,07÷1,2.

$$Q_{\text{жж}}=1,07 \cdot 268187,555=286960,683 \text{ Вт},$$

Жылыту жүйесінің жылдық жүктемесі, кДж/жыл, анықталады:

$$Q_{\text{жж}}^{\text{жыл}}=86,4 \cdot Q_0 \cdot \left(\frac{t_i - t_{\text{om}}}{t_i - t_0} \right) \cdot V \cdot n_0, \quad (1.9)$$

мұндағы t_{om} – жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температурасы, °С;

n_0 – жылыту мезгілінің ұзақтылығы, тәулік.

$$Q_{\text{жж}}^{\text{жыл}}=86,4 \cdot 0,4652 \cdot \left(\frac{18+6,8}{18+31} \right) \cdot 9120 \cdot 200=37105126,66 \text{ кДж/жыл}.$$

1.5 Жылыту аспаптарының жылулық есебі

Ғимараттың бөлмелерінің сыртқы қоршауларының жылу жоғалуын қалыптастыру үшін жылыту жүйесінде жылыту аспаптары орнатылады. Тұрғын үйдің бөлмелеріне орнатуға шойын, алюминий радиаторлар кең қолданылады. Жылыту аспаптарының түрін таңдауда бөлменің тағайындалуы ескеріледі.

Жылулық есептің мақсаты: бөлмеге орналастырылатын аспаптардың санын анықтау, ол үшін осы аспаптардың жылу беті анықталады. Жылыту аспаптарының жылу бетін анықтауда жылу өткізгіштік әсер етеді.

Жылыту аспаптарының жылу беті, м², қосымша түзету коэффициентер арқылы анықталады:

$$A_{\text{жа}} = \frac{Q_{\text{жа}}}{k_{\text{жа}} (t_{\text{орм}} - t_1)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \quad (1.10)$$

мұндағы $Q_{\text{жа}}$ - бөлменің жылу жоғалуы, Вт;

$k_{жа}$ - жылыту аспабының жылу өткізгіштік коэффициенті, қабылданады: шойын аспаптарына $7,84 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$, болат аспаптарына – $10 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$;

t_i - бөлменің ішкі ауасының есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;

β_1 – қабылданған жылыту аспабының қосымша аудан арқылы жылу таратуын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (шойын радиаторлар мен конвекторларға $1,03 \div 1,08$; қырлы конвекторларға $1,13$);

β_2 – жылыту аспаптары сыртқы қабырғаға орнатылатындықтан қосымша жылу жоғалуын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (шойын радиаторларға $1,02$; конвекторларға $1,03$; панельді радиаторлар $1,04$);

t_{opt} – жылу тасымалдағыштың (судың) орташа температурасы, $^\circ\text{C}$;

$$t_{opt} = \frac{t_1 + t_2}{2} = \frac{\tau_{cm} - \tau_{o2}}{2}, \quad (1.11)$$

мұндағы $t_1 = \tau_{cm}$ – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, $^\circ\text{C}$; $t_2 = \tau_{o2}$ – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, $^\circ\text{C}$. Екі құбырлы жүйеде: $t_{opt} = \text{const}$.

Жылыту аспаптарының орнатылатын есепті саны, дана:

$$N_{жа} = \frac{A_{жа} \cdot \beta_4}{\varphi_c \cdot \beta_3}, \quad (1.12)$$

мұндағы β_4 – жылыту аспабы бөлмеде орнату түрін ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (ашық орнатылғанда $1,0$; жабық орнатылғанда - тормен әшекейленген $< 1,1$);

β_3 – жылыту аспабындағы секцияның санын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады ($\beta_3 = 1,0$ егер $A_{жа} = 2,0 \text{ м}^2$, ал басқада $\beta_3 = 0,97 + 0,06/A_{жа}$);

φ_c – орнатуға қабылданған жылыту аспабының бір секциясының жылу бетінің аудандары, м^2 .

1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Кәзіргі кезде кең қолданатын орталықтандырылған жылыту жүйесі, ол үш негізгі құрылымнан тұрады: жылу өндіргіш, жылу өткізгіштер - құбырлар және жылыту аспаптары. Ғимараттың типтік жобасында әр бөлмелерінде жылыту аспаптары мен тік құбырлардың орны белгілінеді, жер төле жобасында жергілікті жылу пунктінің (ЖЖП) орны мен тарату құбыларының өтетін жолы анықталады.

Гидравликалық есеп жүргізу үшін аксонометриялық сұлба құрастырылады, мұнда учаскелердің нөмерлері, жылу жүктемелері мен су

шығындары және ұзындықтары көрсетіледі. Есептің мақсаты: учаскелердегі құбырлардың оптималды диаметрлерін таңдау және жоғалатын қысымды анықтау.

Жылыту жүйесінің гидравликалық есебін өткізудің әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады: ұзындықта меншікті қысым жоғалуымен; кедергі сипатамалары мен өткізгіштікпен; келтірілген ұзындықпен және динамикалық қысыммен. Сулы жылыту жүйесінің гидравликалық есебін өткізу үшін ең кең қолданылатын тәсіл ұзындықта меншікті қысым жоғалуымен.

Жылыту жүйесінің учаскелеріндегі жоғалатын қысым, Па, анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_{\text{л}} + \Delta P_{\text{м}}, \quad (1.13)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{л}}$ – құбырдың тік ұзындығында жоғалатын қысым немесе ұзындықта жоғалатын қысым дейді, Па;

$\Delta P_{\text{м}}$ – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

Ұзындықта жоғалатын қысым, Па, анықталады:

$$\Delta P_{\text{л}} = \frac{\rho \cdot V^2}{2} \cdot l = R \cdot l, \quad (1.14)$$

мұндағы R – 1м ұзындықта меншікті қысым жоғалуы, Па/м, қабылданады кесте немесе номограмма арқылы.

Жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па, анықталады:

$$\Delta P_{\text{м}} = z = \sum \xi \cdot \frac{\rho \cdot V^2}{2} = P_{\text{дин}} \cdot \sum \xi, \quad (1.15)$$

мұндағы $P_{\text{дин}}$ – динамикалық қысым, құбырдағы судың жылдамдығына байланысты қабылданады, Па;

$\sum \xi$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі. Жергілікті кедергілер ретінде: вентильдер, ысырмалар, үштарамдар, крестовиналар, екі жақты реттегіш крандар, бұрылыстар, жылыту аспаптары және т.б. қарастырылады.

Гидравликалық есеп бірінші есепті айналымды сақинаға жүргізіледі, ол ЖЖПдан ең алыс орналасқан тік құбыр арқылы өтеді, содан кейін басқаларына өткізіледі. Жылыту жүйесінің құбырларының оптималды диаметрлерін таңдау үшін екі көрсеткіштер белгілі болу керек:

1 есепті айналымды сақинаның орташа меншікті қысым жоғалуы, Па/м:

$$R_{\text{опт}} = \frac{(1-\varphi) \cdot \Delta P_{\text{р}}}{\sum l}, \quad (1.16)$$

мұндағы φ – үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, қабылданады екі құбырлы жүйеде – 0,35; бір құбырлы жүйеде – 0,5.

$$\Delta P_p = 7000 \text{ Па},$$

$$R_{op} = 7000 \cdot \frac{0.65}{108,22} = 42.$$

2 учаскедегі есепті су шығыны, кг/с, анықталады:

$$G_0 = \frac{Q_0}{c(t_1 - t_2)} = \frac{Q_0}{c(\tau_{cm} - \tau_{o2})}, \quad (1.17)$$

мұндағы Q_0 – учаскенің жылу жүктемесі, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, қабылданады $4189 \text{ Дж/кг } ^\circ\text{C}$ ($4,189 \text{ кДж/кг } ^\circ\text{C}$);


$t_1 = \tau_{cm}$ – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, $^\circ\text{C}$;

$t_2 = \tau_{o2}$ – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, $^\circ\text{C}$.

Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі 5.1 кесте ретінде жүргізіледі.

1.7 Жергілікті жылыту пунктінң суараластырғышы

Ғимараттың жер төлесінде орналастырылған жергілікті жылу пунктінң (ЖЖП) негізгі қондырғысы суараластырғыш - элеватор болып есептеледі.



1 – сопло; 2 – алдыңғы камера; 3 – араластырғыш камера; 4 – диффузор

1.1 Сурет - Суағынды элеватор

Суағынды элеваторда сыртқы жылу желісінен келетін тасымалдағыштың (судың) температурасы итлбылт жылыту жүйесінің талабына сәйкес $t () ^\circ\text{C}$ $0 \leq t \leq 95$ реттейді. Элеваторлар шойын немесе болаттан стандарты өлшеммен №1÷№7 дайындалады, осыған сәйкес араластырғыш камераның диаметрі $15 \div 50$ мм.

Элеваторды таңдау үшін келесі жолмен арнайы есептер жүргізіледі:

1 Жылу желісінен түсетін судың шығыны, кг/с, анықталады:

$$G_{жж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \quad (1.18)$$

мұндағы $Q_{ж}$ – жылыту жүйесінің жалпы жылу шығыны, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг $^{\circ}$ С;

T_1, T_2 – судың температуралары, $^{\circ}$ С.

2 Элеватордың араластыру коэффициенті анықталады:

$$u = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)}, \quad (1.19)$$

3 Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны, кг/с, анықталады:

$$G_{жж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \quad (1.20)$$

мұндағы t_1, t_2 - жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, $^{\circ}$ С.

4 Элеватордың мойынының диаметрі, см, анықталады:

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{G_{жж}^{0.5}}{\Delta P_{ж}^{0.25}}, \quad (1.21)$$

мұндағы $\Delta P_{ж}^{0.25}$ - жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

5 Элеватордың сопласының диаметрі, см, анықталады:

$$d_c = \frac{d_r}{1+u}. \quad (1.22)$$

6 Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым, Па, анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{жж}^2}{d_c^4}. \quad (1.23)$$

Есеп аяқталғаннан кейін элеватордың типтік номері таңдалады және оның конструктивтік өлшемдері қабылданады.

Элеваторды таңдау үшін келесі жолмен арнайы есептер жүргізіледі:

1 Жылу желісінен түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{71203}{4189(150-70)} = 0,212 \text{ кг/с.}$$

2 Элеватордың араластыру коэффициенті анықталады:

$$u = \frac{(150-95)}{(95-70)} = 2,2.$$

3 Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{71203}{4189(95-70)} = 0,67 \text{ кг/с.}$$

$$G_{жж} = 0,67 \cdot 3,6 = 2,412 \text{ т/сағ.}$$

4. Элеватордың мойынының диаметрі анықталады:

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{2,41^{0,5}}{341,9^{0,25}} = 0,25 = 25 \text{ мм.}$$

5. Элеватордың сопласының диаметрі анықталады:

Таңдаймыз: элеватор №3 $d_r=25\text{мм}$, $L=625$, $A=135$, $l=145$, $d=160$, $D=195$;

$$d_c = \frac{25}{(1+2,2)} = 7,8 \approx 8\text{мм} = 0,8\text{см.}$$

6. Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{0,212^2}{0,8^4} = 0,69 \text{ Па.}$$

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Жұмыс өндірісінің жобасы жинақтау жұмыс өндірісі және ұйымы бойынша нұсқамалардан тұрады және жұмыс құнының төмендеуіне, олардың қысқартылу ұзақтылығына және еңбек өнімділігінің жоғарлауына, монтаждық жұмыс сапасының жақсаруына себепші болады.

Жұмыс өндірісінің толық жобасы мыналардан тұрады: жұмыс өндірісі бойынша нұсқамалар; еңбек шығындары мен еңбек ақының калькуляциясы; жұмысшыларға қажетті тоғыспа графигі; негізгі және көмекші материалдардың ақпарат тізімі; тиісті жинақтау механизмдері, аспаптары және бейім құралдарының ақпарат тізімі; технико-экономикалық көрсеткіштер; техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар.

Берілген дипломдық жобада жоғары нұсқамалы талаптардан басқа жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының технологиялық картасы, сонымен қатар құрылыс бас жоспары және уақытша жер асты инженерлік коммуникациялары қарастырылады.

Жылыту жүйелерінің құрылғыларында жұмыстар бөлінеді: дайындау, жинақтау және қабылдап-тапсыру. Өзінің кезегінде жинақтау жұмыстары бөлінеді, алдыңғы жинақтау процестері және өзіне меншікті жинақтаулар. Жинақтау жұмыстарына мыналар жатады: объектіні техникалық құжаттармен қамту, жүйеге керекті бұйымдармен, жабдықтаулар мен ауатаратқыш жүйелерді жинақтау және объектіні жинақтауға дайындау.

Жинақтау жұмыстарына кіреді: ауатаратқыштарды және жылту жабдықтауларды орнату орынына жеткізу, жылыту, желдету жабдықтауларын және ауатаратқыштарды жинақтау, орнатылған жүйелерді тексеру және оларды қолдануға тапсыру.

Өндіріс жұмыстары үшін құрылыс- жинақтау мекемесіне көрсетілетін техникалық құжаттардың ішіне сызулар мен сметалар кіреді.

Жұмыс түрлерінің құрам циклі бойынша ұйымдастыру жағынан ең тиімді болып есептеледі: дайындау; дайын заттарды объектіге жеткізу; ұстатқыштарды белгілеу және орнату; жабдықтауды орнату; ауатаратқыштарды жинақтау; жүйені тексеруден өткізу; жіберу және жөндеу; жұмысты тапсыру.

Өндіріс жұмыстарының жобасына кіреді: өндіріс жұмыстары бойынша шешім; еңбек шығындарын есептеу және еңбек ақылары; күнтізбелік жоспар – өндірістік жұмыстың графигі; жұмысшыларға монтаждық құрама графигі; негізгі және қосымша материалдардың ақпарат тізімі; жинақтауға керекті механизмдер, бұйымдар және құралдар; техника-экономикалық көрсеткіштер; түсіндіргіш хатқа техника қауіпсіздігі туралы үкімдер кіргізу.

2.1 Ұйымдық - техникалық шаралар

Жинақтау жұмысы жылыту жүйесінің бөлек бөлімдерінен өнімделеді. Жылыту жүйесі бойынша жинақтау жұмысын жүргізу кезінде жақын

орналасқан су құбырлары мен энергиямен жабдықтау желілері, сонымен қатар объектке жақын жатқан автокөлік жолы пайдалануы мүмкін.

Ұйымдық-техникалық дайындық жұмыстары ҚН 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісінің ұйымы» сәйкес іске асырылады және оған қатысты шаралар Б.1 Кестеде келтірілген.

2.2 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі

Жинақтау жұмысының көлемі ғимарат негізінен және жобаның конструктивті шешімімен анықталады, жинақтау процестерінің тізімдері жинақтау жұмысына жататын жабдықтардың пайдаланулыққа қатысты қабылданады. Осыған байланысты құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемінің ақпарат тізімі жасалады. Есеп қорытындысы Б.2 Кестеде келтірілген.

2.3 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Еңбек шығындарын калькуляциялау жұмысшылар сызбасының негізінен және жинақтау жұмысының таңдалған әдісі түсініктемесінен құрастырылады.

Бірыңғай нормалар және бағалар (ЕНиР) бойынша құрылыс, жинақтау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының шығындары, содан кейін объект бойынша көлемдері анықталады. Жұмыс номенклатурасында негізгі және қосымша жұмыс түрлері қарастырылады. Жұмыс күні 8 сағатқа созылатын бір аусымнан тұрады.

Құрылыстың өзіндік құны жұмыстың осы түрі көлем бірлігі өндірісінің материалдық, еңбек, энергетикалық және басқа шығындарды ақшалай түрде көрсетеді. Еңбек сыйымдылығы адам-күн (аусым-күн) немесе адам-сағатпен (аусым-сағатпен) көрсетілген жұмыстың осы түрі көлем бірлігін орындау үшін еңбек шығындарының мөлшерімен анықталады.

Құрылыстың ұзақтығы нақты құрылыс процесі жұмысының көлемін орындауға шығатын уақытпен (сағат, аусым, апта, ай) анықталады. Кешенді процестің және оның құрамына кіретіндердің ұзақтығы процесті орындауға қабылданған әдіске (жүйелі, жарыспалы, таскынды) байланысты. Есеп нәтижесі Б.3 Кестеде келтірілген.

2.4 Күнгізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнгізбелік жоспар – бұл жұмысқа және оның орындалу уақытына қатысты технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жинақтау жұмысы технологиясының графикалық моделі.

Күнгізбелік жоспардың жасалу тізбегі мынадай:

- еңбек шығынының калькуляциясы бойынша жинақтау процестерінің номенклатурасы тағайындалады;

- звено құрамы және процестер бойынша нормативті еңбек сыйымдылығы анықталады;

- сметасы тағайындалады, барлық жұмыстың қосынды ұзақтылығын есепке ала отырып, әрбір процестің орындалу ұзақтылығы анықталады.

Күнтізбелік жоспарды тұрғызу және есептеу үшін қажетті мәліметтермен ақпарат тізімі құрастырылады, ол Б.4 Кестеде келтірілген.

Жұмысшылардың қозғалыс графигі барлық жинақтау жұмысы кезінде жұмысшыларды бір қалыпты пайдаланылуы және объекте олардың санының қысқартылу мүмкіндігі қарастырылады. Ол күнтізбелік жоспардың ақпарат тізімі негізінде орындалады.

График дұрыс құрастырылуы кезінде жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек. Қабылданады $\sum Q = 98,5$ адам·күн және $T = 24$ күн, жұмысшылардың орташа саны тең болады.

$$n_{\text{ор}} = \frac{98,5}{24} = 6,$$

$$K = \frac{13}{6} = 2.$$

Күнтізбелік жоспардың негізгі деректері жобалық құжаттама белгілеуіне тәуелді. Күнтізбелік жоспардың негізгі параметрі уақыт периоды болып табылады. Жұмысты орындау графигінде технологиялық карта құрамында жұмыстардың көлемі мен ұзақтылығына байланысты - күн, аусым, ал транспортты-монтажды графиктерінде - сағат, минут.

2.5 Көліктің қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы кезіндегі тасымалдау жүктері құбырлар және радиаторлар болып табылады. Транспорт түрі барлық жабдықтарды, оның габариттері, тасымалдау арақашықтығы және тасымалдауға кеткен уақытты есепке ала отырып таңдалады.

Негізгі транспорт түрі – ернеулі автокөлігі болып табылады. Транспорт саны N , дана мына формула бойынша анықталады:

$$N = \frac{Q}{P_{\text{тәу}} \cdot T}, \quad (2.1)$$

мұндағы Q – тасымалданатын жүктің саны (жабдықтардың, материалдардың және конструкциялардың ақпарат тізімі негізінен қабылданады); $Q = 10$ тонна;

T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{\text{тәу}}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, т/аусым мына формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \quad (2.2)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 5 тонна деп қабылданады;
 n_p – аусымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады:

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(2 \cdot \frac{L}{V_{\text{ср}}}\right) + t_n + t_p + t_m}. \quad (2.3)$$

мұндағы $t_{\text{см}}$ – аусым ұзақтылығы, 8 сағ.;
 L – базаға дейінгі арақашықтық, 10 км;
 $V_{\text{ср}}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;
 t_n – жүкті тиеу уақыты, БНЖБІ бойынша анықталады;
 t_p – жүкті түсіру уақыты: $t_p = t_n = 40$ мин;
 t_m – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2 мин немесе 0,03сағ.тең деп қабылданады. Сонда аусымдағы автокөлік рейстерінің саны мынаған тең болады:

$$n_p = \frac{8}{\left(2 \cdot \frac{10}{20}\right) + 1,9 + 1,9 + 0,03} = 2 \text{ рейс,}$$

Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынаған тең болады:

$$P_{\text{тәу}} = 5 \cdot 2 = 10 \text{ т/аусым,}$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең:

$$N = \frac{10}{10 \cdot 1} = 1 \text{ машина,}$$

Маркасы Hyundai HD-120 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 10 тонна. Есептен кейін жүкті тасымалдаудың акпарат тізімі 2.1 Кестеге енгізіледі.

2.1 Кесте - Тасымалдау көлемінің акпарат тізімі

Жүктердің аталуы	Өлш. бірл.	Саны	Транспорт түрі	Транспорт саны	Болу уақыты	
					баст.	соңы
Құбырлар, радиаторлар, т.б	Тонна	10,4	Hyundai HD-120	1	30.05	31.05

2.6 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бригадаларға бөліну арқылы өтеді. Звено және бригада құрамы өндіріс жұмысының графигі негізінде қабылданады. Әрбір бригада міндетті түрде аспаптар жинағымен қамтамасыз етілуі керек, себебі жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша тәжірибе жүзінде барлық жұмыс көлемін автономды орындауы керек. Аспаптар қажеттілігі бригада жұмысшыларының санымен анықталады, ал оның номенклатурасы норма бойынша орындалатын жұмысқа қатысты қабылданады. Механизмдер мен құралдардың тізбегі техникалық карта және өндіріс техникасының негізінде анықталады. Аз механизациялы құралдары, қолмен жұмыс жасайтын және механизацияланған аспаптар есебінің мәліметтері Б.5 Кестеде келтірілген.

2.7 Техничко - экономикалық көрсеткіштер

Өндіріс жұмысы жобасының технико-экономикалық көрсеткіштері объект бойынша өндірістік қызметтер негізі болып табылады. Ол мыналардан құралады:

- жинақтау жұмыстарының жалпы ұзақтығы – 24 күн, соның ішінде талданатын тек қана жалпы ұзақтылық емес, сонымен қатар оны құрушылар: дайындау уақыты, жинақтауға тапсыру, жинақтаудың ұзақтығы және т.б. талданады;
- жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша жалпы еңбек шығыны – 93 адам·күн;
- жинақтау жұмысының механизациялау дәрежесі - 40%.

2.8 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысын аяқтағаннан кейін, жылу пунктіне жабдықтарды қосу, жабдықтарды жүргізіп сынаудан өнімделетін басқа барлық коммуникацияларға қосылу және жүйелерді сынау жүргізіледі.

Сынақ жүргізу алдынан қондырылған жылыту аспаптары жоба мәліметтеріне сәйкес келуін, құбырлар дәнекерлену сапасы, олардың жылыту аспаптарымен қосылуын, жабдықтардың дайын болуын тексереді.

Тексеру кезінде пайда болатын барлық ақауларға ақпарат тізімі құрастырылады және оны реттеушіге береді. Ақауларды сынақ жүргізу басталғанға дейін міндетті түрде алып тастау керек.

Сынақ кезінде жылыту жүйесінің негізгі сипаттамалары әшкереленеді және тексеріледі:

- жылыту аспаптарының қыздырылуының бір қалыптылығы;
- құбырлардың және жүйенің басқа элементтерінің тығыздалмай қалуы;

- жылыту жүйесінің қысымы мен температурасы.

2.9 Еңбек қорғау

Бұл жұмыс 2015 жылы 23 қарашадағы №414 бекітілген "Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі", 2018 жылы 30 қарашада бекітілген "Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексі" заңына, 2002 жылының 3 сәуірде бекітілген "Қауіпті өндірістік объектілерінде өндірістік қауіпсіздік туралы" заңыны және 2003 жылы 08 ақпан айында бекітілген "Төтенше жағдайының құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес болуы қажет.

Еңбекті қорғау дегеніміз тиісті заң және басқа да нормативтік актілердің негізінде еңбек процесінде адамның қауіпсіздігін, денсаулығы мен жұмыс қабілетін сақтауды қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру, техникалық гигиеналық және емдеу алдын алу шараларын білдіреді. Еңбектің қауіпсіздігі –жұмыс істеушілерге қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерлері тимейтін еңбек жағдайының қалпы.

2.10 Қауіпсіздік техникасы

Бұл дипломдық жобадағы ең қауіпті және зиянды факторларға техникалық қабатта орналасқан компрессорлық – конденсаторлық дірілі болып есептеледі. Шуды азайту жұмыстары диплом жобасының негізгі бөлімінде қарастырылған, ауатартқыштары өте жақсы қабылдауына тиісті зиянды шу факторлары төмендетіліп алынған, жалюзді торлар, орталық ауабптауда орнатылған шудыөшіргіштер, ауатаратқыштардағы аэродинамикалық кедергілер. Ауатартқыштардың жүйесіне желдеткіштен берілетін діріл, иілгіш қондырғылардың арқасында кіре және шығар жерінде төмендетілді. Дірілдің (қолға локальді әсері, және жалпы адам ағзасына әсері) немесе комбинирленген (локальді және жалпы) мінезі, нерв жүйесіне кері әсері, ішқұрылысына, бұлшықетіне, сүйектеріне, көзіне, және с.с..

Өндірістік дірілден қорғау. Дірілден қорғауды үш үлкен топқа бөлуге болады: Дірілдің шығу жерін азайту – Бұл машиналар мен механизмдерде конструктивті және технологиялық діріл шығуының себептерін жою; діріл қауіпі бар технологияларын дірілі аз технологияларға ауыстыру, мысалы, тойтарманы пісіруге айырбастау, штамптық-құюлар және с.с. Машинаның қозғалу бөлшектерін дайындауға ішкі үйкелісі үлкен материалдарды жатқызуға болады, бөлшектерді дайындау дәлдігінің сапасын көтеру, машинаның айналу бөлшектерін мұқият теңестіру, динамикалық діріл жойғыштарды қолдану.

Дірілді таралу жолында азайту – Бұл дірілді азайту материалдары, ішкі үлкен үйкеліс пен тұтқырлық қасиетіне ие, әртүрлі дірілге қарсы жағымдар, олар дірілдегіш блат беттерге жағылады. Беттермен бірге деформацияланып, олар

толқын энергиясының бір бөлігін жылуға айналдырады сонымен қатар толқынның амплитудасын азайтуға әсерін тигізеді. Бұл топтың ең көп таралған әдістері - діріл окшаулағышты қолдану, толқын көзі арнайы тандалған діріл окшаулағышқа орнатылады, қорғанылатын объектінің толқын энергиясының берілуін азайту.

Әлемде 120 миллион адам жарақаттанса Қазақстанда 3500 адам жарақаттанады. Еңбек қауіпсіздігінің актуальді мәселелері – еңбекті қорғау деп аталатын еңбек ету процесіндегі жұмыскерлердің денсаулығы мен еңбекке жарамдығын қамыту үшін сондай – ақ жарақаттану санын, кәсіби аурулардың саны мен ауырпалығын, улану, өндірістік авария санының өсуін анықтайды.

Шудан қорғау (дыбыс қысымының деңгейі) шаралары

Ауаны желдету және ауа баптау жүйелерінде жұмыс істегенде шудың төменгі деңгейде болуы маңызды көрсеткіш болып табылады. Шу қолайлы жағдайды бұзудың негізгі түрлерінің бірі. Ғимарат құрылыстарындағы сұйықтардағы, гидравлика жүйелеріндегі, ауа өткізгіштердегі, ауадағы шу мен дыбыс толқындары сығылған және созылған толқындармен беріледі. Шудың негізгі параметрлері оның жиілігі болып табылады. Ол созылған және сығылған толқындардың секундтағы тербеліс санымен сәйкес болады.

Желдету қондырғылары, ауа баптау жүйелері өз функцияларында белгілі бір шу туғызады. Құралдармен жұмыс істеген кезде кіші және орташа көлемді орындарда шудың негізгі пайда болатын кездері:

- ауа конденсаторларында шуды вентиляторлар туғызады;
- желдеткіш қондырғылар мен желдеткіш секцияларындағы орталық кондиционерлерінде шу мен дірілдеу желдеткіш пен қозғалтқыш қозғалысынан туындайды.

Сондықтан шу деңгейін бақылау бойынша жоғары тиімділікті қамтамасыз ету үшін жобалау жүйесінің сатысында алдын ала қарастыру қажет. Шуды төмендету шараларының белгіленген: Шу тасмалдаушыға қарсы шаралар: вентиляторлардың шығаберіс трубаларының арасына антивибрацияның төсеніштер орналастырылады. Ауа тасмалдағыштар желдеткішке жалғасатын аралыққа, вентилятордың сыртқы трубасының диаметрінен 1,5 есе көп және ішінде қалыңдығы 25мм кем емес дыбыс окшаулағыш орналастырылады; желдеткіштің ауа шығатын бөлігіне 30о бұрышпен кеңейтілген трубалар қондырылады; ауа ағынының төменгі ағынының таралған ауа көлеміне тең болғанда бірнеше ауа тасмалдағыштар қолданылады.

3 Экономика бөлімі

Орал қаласы, Зашаған ауданында орналасқан тұрғын үй кешенінің жылыту жүйесі жобасында жылыту жүйесінің технико-экономикалық есебі жүргізіледі. Есеп жүргізудің мақсаты қарастырылып отырған дипломдық жобаның материалдарға жұмсалатын қаражат көлемін анықтап, келтірілген шығын есебін жүргізу, локальді, объекттің сметалық құнын шығару болып табылады. Ол үшін жылыту желдету жүйелеріндегі капиталды төлем ақыны мен жылдық шығындарды анықтаймыз. Жылдық шығындар келесілерден тұрады:

- амортизацияға кеткен шығын, яғни толық жөндеуге және жылыту жүйесін тазартуға кеткен шығындар қосындысы;
- жөндеу барысындағы және жұмыс істеп тұрған кезінде жүйенің жұмысын ұстап тұруға кететін шығындар;
- жылдық жұмысшылардың еңбек ақысына кеткен шығын;
- бір жылда пайдаланылатын энергоресурстардың құны;
- жылдық материалдарға кеткен шығын;
- жалпы пайдаланулық шығындар.

3.1 Келтірілген шығын есебі

Жоба шешімінің экономикалық шығын минимум бойынша қарастырылады, ол мына формула бойынша анықталады:

$$\Pi_1 = E_n \cdot K + C_{ж} \rightarrow \min, \quad (3.1)$$

$$\Pi = C_{ж} - E_n \cdot K, \quad (3.2)$$

мұндағы E_n – экономикалық тиімділіктің нормативті коэффициенті, 0,12-ге тең деп қабылданады;

K – жоба шешімі бойынша капиталды төлем ақысы, теңге;

$C_{ж}$ – жылдық төлем ақысы, теңге/жыл.

Жобаның жылыту және желдету жүйелерінің материалдары, жылыту аспаптары сметалық құны В.1 Кестеде келтірілген.

Жылдық шығындар келесі шығын түрлерінен тұрады C , теңге/жыл мына формула бойынша анықталады:

$$C = C_m + C_э + C_{жал} + C_{ж.ж} + C_a + C_{оэ}, \quad (3.3)$$

мұндағы C_m – жылдық материалдарға кеткен шығын, теңге/жыл;

$C_э$ – бір жылда пайдаланылатын энергоресурстарға кететін шығын, теңге /жыл;

$C_{жал}$ – жылдық жұмысшылардың еңбек ақысына кеткен шығын, теңге/жыл;

Сж.ж – жөндеу барысындағы және жұмыс істеп тұрған кезінде жүйенің жұмысын ұстап тұруға кететін шығындар, теңге/жыл;

Са – амортизацияға кеткен шығын, яғни толық жөндеуге және жылыту жүйесін тазартуға кеткен шығындар қосындысы, теңге/жыл;

Соз – жалпы пайдаланулық шығындар, теңге/жыл.

Жылдық шығындарды мөлшерлеу кезіндегі есеп төменде келтірілген.

Смета бойынша окшаулағыш материалдар шығыны C_m , теңге/жыл мына формула бойынша анықталады:

$$C_m = 0,104 \cdot K, \quad (3.4)$$

Жылыту жүйесіне

$$C_m = 0,104 \cdot 2241,800 = 233,150 \text{ мың теңге/жыл.}$$

Жылыту жүйесінің жылдық электроэнергиясының құны C_3 , теңге/жыл мына формула бойынша анықталады

$$C_3 = N \cdot n \cdot S_3, \quad (3.5)$$

мұндағы N – көтерме қуаты;

n – сағаттар саны;

S_3 - электроэнергия тарифі.

Қабылдаймыз: $N=2,48$ кВт; $n=8760$ сағ; $S_3=22,75$ теңге/кВт·сағ. Жалпы жылдық электроэнергияның құны бірдей болады

$$C_3 = 2,48 \cdot 8760 \cdot 22,75 = 494,239 \text{ мың теңге/жыл.}$$

